

***Меңгеруші жанындағы
кеңес хаттамалары
2023-2024 оқу жылы***

№1 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамалары

02.10.2023 ж.

Қатысқандар саны - 9

Күн тәртібі:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысы
2. Бастапқы мониторинг қорытындысы
3. «Қош келдің- Алтын күз!» ертеңгілігінің сценариімен танысу, бекіту

1.Тындалды балабақша меңгерушісі А.Аймағанбетова «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысымен таныстырып өтті.

«Күншуақ» ересек тобында тәрбиешілер дамыту ортасын жабдықтаған, көрнекі құралдар бала санына сай түгелденген. Топты рәсімдеу эстетикалық талапқа сай. Балалар қауіпсіздігі ескерілген. Кітаптар мен ойыншықтар балалар көз мөлшерінде орналастырылған.

Сонымен бірге мына кемшіліктердің анықталғанын ескертті. Қоршаған ортамен таныстыру туралы альбомдар түрі аз, кітаптар ескірген, жыртылған. Сабақтар, асхана, табиғат орталығы бойынша кезекшілік графигі бар. Кезекшілікке арналған заттар жиынтығы (алжапқыштар, үшкіл орамалдар, шөткелер, шүберектер, шелектер) бар.

«Бәйтерек» ортаңғы топта топтарында орталықтарға бөлінген, жарықтандыру талапқа сай, ойыншықтармен толық қамтамасыз етілгенін айта келе анықталған кемшіліктерді ескертті: терезелер мен шкафтарда биік ойыншықтар мен гүлдер тұр.

I-кіші топты қалыптастыру басқа топтарға қарағанда жақсы, бұрыштар жақсы жасақталғанын, топта қимылды ойын және сюжетті рөлді ойын атрибуттары жасалғанын айтып өтті. Сонымен бірге дене шынықтыру құралдар түрлері жеткіліксіз және тақырыптарға арналған альбомдар түрлері аз екенін ескертті.

Тәрбиешілер бұл ұсыныстың орынды екенін айтып, алдағы уақытта толықтыруға уәде берді.

Меңгерушісі А.Аймағанбетова орын алған кемшіліктерді 15.10.2022ж. дейін орындау керектігін қадап айтты.

2.Тындалды Балабақша меңгерушісі А.Аймағанбетова бастапқы мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті.Педагогикалық диагностика-

Бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге

бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қорытынды мониторинг кезінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші – II деңгей болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

3.Тыңдалды «Қош келдің- Алтын күз!» ертеңгілігінің сценариймен тәрбиешілер таныстырып өтті. Ортаңғы топта ертеңгілік сабақ той түрінде жобаланған. Тапқактар, әндер және сахналау бағдарлама талаптарына сай дайындалған. Балаларға үлкендердің еңбегін құрметтеу, өз өлкесіне мақтаныш сезімдерін ұялату мақсаты қойылған.

« Бәйтерек» ортаңғы топқа арналған ертеңгілікте әндер, тапқактар, билер бала жасына сай дайындалған. Ертеңгілікте сахналау, сюрприз сәттері жобаланған.

Балабақша меңгерушісі А.Аймағанбетова зал ішін безендірілуіне тоқталып, үлкен плакат ілуді ұсынды. Бұл тапсырманы тәрбиеші Д.Сейітова мен З.Құлтайға тапсырды. Ертеңгілікті 17-24 қазанда өткізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

Қаулы:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер жойылсын. Мерзімі 15.10.2022 жылға дейін.
- 2.Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша үлгілік бағдарламаны игеру II-деңгей. Бұл көрсеткіш жоғарылатылсын. Мерзімі 28.12.2022 жылғы аралық мониторинг өткізілгенге дейін.
- 3 «Қош келдің- Алтын күз!» ертеңгілігінің сценарийлері бекітілсін. 17-24 қазан күндері өткізілсін.

Меңеруші  А.Аймағанбетова

Хатшы

 Ж.Аримбаева

14.11.2023 ж.

Қатысқандар саны - 12

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Шолу тексеру қорытындысы
«Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (танертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)»
3. «Менің Қазақстаным» сценарийімен танысу, бекіту
4. Семинардың қорытындысы

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Аймағанбетова өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды. Шолу «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанын, сондай-ақ топтарда білім саласы көрнекіліктерді көбейтілгенін айтып өтті.

Сонымен бірге «Менің Қазақстаным» апталығының өткізілуіне тоқталды. Ортаңғы тобының тәрбиешілері Б.Нұрмаханбетова мен Г.Мәдіқызы ашық тәрбие сағаты «Тәуелсіздікке 31 жыл» ертеңгілігі өткізілгенін, балаларға тапқакты мәнерлеп оқу, мақал-мәтел айту «Ересек» топ тәрбиешілері «Менің Қазақстаным» атты ертеңгілік өткізін балалар 50%өте жақсы қатысқанын айтып өтті.

Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. 50% бала толық қатысты. Балаларға тілін, өлкесін сүйюге, құрметпен қарау сезімдері қалыптасты деуге негіз бар екенін айтып өтті. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды. Меңгеруші келісім берді.

2.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Аймағанбетова «Күн тәртібі бөліктері бойынша (танертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру нәтижесіне тоқталып өтті. Балабақшада танертеңгілік жаттығуларына арналған керекті құралдар жасалғанын және онымен жаттығулардың жасалып жатқанын айтып өтті. Дегенмен шынықтыру жаттығуларының түрлері көп қайталана жоспарланатынын, жүйелі жүргізілмейтініне тоқталды. Сонымен бірге керекті құралдар түрін көбейту керектігін, шынықтыру жаттығуларының картотекасын жасауды ұсынды. Сонымен бірге керекті әр айдың 1 аптасында затсыз, 2 аптасында затпен орындау жаттығулары жобалану керектігін ескертті. Тәрбиешілер айтылған кемшіліктің орынды екенін айтып, орындауға уәде берді.

3. Тыңдалды «Менің Қазақстаным» сценарийімен балабақша тәрбиешілері таныстырып өтті. Ертеңгілік мақсаты балалардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сүйе екенін айтып, туған ел туралы тапқактар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

Меңгеруші А.Аймағарпбетова балалар әндері мен тапқактары бала жасына сай дайындалғанын айтып, ертеңгілікті 13.12.2022 ж. өткізуді ұсынды. Сонымен бірге зал ішін ертеңгілікке сай безендіруді шарасы меңгерушісіне тапсырды. Тәрбиешілер толық келісім берді.

4.Тыңдалды балабақша әдіскері Г.Басарова жылдық мақсатты орындау барысында балабақша ішілік семинар өткізілгеніне тоқталып өтті. Мақсаты: «Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салты туралы білім мен дағдыларын қалыптастыру». Мақсаттарды орындау бойынша тәрбиеші «Мектепке дейінгі жастағы балаларға патриоттық тәрбие беру жүйесі» тақырыбында баяндамалар оқып өз ойларымен бөлісті. Баяндама бала- отбасының жеміс берер гүлі, алтын тіреу дінгегі болғандықтан да, тәрбиенің негізі осы кішкентай нәресте кезден басталуы керек.

Ұлттық тәрбие бесіктен басталады. Отбасындағы ата мен әженің, әке мен шешенің, апа- қарындас, аға-інінің бір-бірімен күнделікті өмірдегі қарым-қатынасы, мінез-құлқы – ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы екенін сөзге тиек етті балаға мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдеріс арқылы қазақстандық рухани құндылықтарға сай адамгершілік, мәдениет негіздері дариды. Ұлттық мінез-құлық, талғампаздық, талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыру жайлы айтып өтті.

Сонымен бірге әдіскері Г.Басарова «Күншуақ» тобының тәрбиеші З.Құлтай «Мақал сөздің азығы», Жұмбақ – ойдың қазығы » атты ашық оқу қызметінің өтілуіне тоқталды. Оқу қызметі бала жасына сай тәрбиеші тәрбие жұмысына жағдай жасаған, көрнекілік талапқа сай. Білім бөлімдері сабақтастырылған. Балалар қатысуы белсенді. Оқу қызметінің өтілуі «жақсы» деп бағаланды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер орындалсын. Мерзімі 12.12.2021ж.
3. «Менің Қазақстаным» сценарийі бекітілсін. Ертеңгілік 13.12.2021ж.
4. Семинардың өтілуі қанағаттанарлық.

Кеңес төрайымы:



А.Аймағанбетова.

Хатшысы:



Ж. Аримбаева.

18.01.2024 ж.

Қатысқандар саны - 10

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Аралық мониторингтің қорытындысы
3. «Аяулы Ана» мерекелік ертеңгіліктің сценарийімен танысу, бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Аймағанбетова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер»(Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығуларының жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы) өтілуі бойынша анықталған кемшіліктер өз уақытында орындалып жатқанын айтып өтті. Таңертеңгілік жаттығулары картотекасы жасалды, оған арналған керекті құралдар жасалғанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші А.Аймағанбетова «Менің Қазақстаным» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ертеңгілікке топтар белсенді қатыстырылды. Тақпақтар, әндер Қазақстан Республикасы туралы таңдалған. Балалар әнді көтеріңкі көңіл күймен орындады.

Балаларға патриоттық тәрбие беру негізі қалыптасты деп бағалауға болатынын айтып өтті.

2.Тыңдалды әдіскер Г.Басарова аралық мониторингтің қорытындысы бойынша балалардың білім сапасын анықтау, индикаторлар жүйесі бойынша есебі.

Мониторинг баламен жүргізілді.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер орындалсын. Мерзімі 12.12.2023ж.
3. «Менің Қазақстаным» сценарийі бекітілсін. Ертеңгілік 14.12.2023ж.

Кеңес төрайымы



А.Аймағанбетова

Хатшысы:



Ж. Аримбаева

МЕҢГЕРУШІ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

№4 Хаттама

Өткізілгін уақыты: 29.05.2024 ж

Түрі:Қорытынды

Тақырыбы: 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау

Мақсаты:Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау
Төрайымы: А.Аймағанбетова

Хатшысы:Ж.Аримбаева

Барлық педагогтар саны:12

Қатысқан педагогтар саны: 11

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің, психологтың, логопедтің, медбикенің 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі.
3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесімен таныстыру. Тренинг:Г.Басарова
4. 2023-2024 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
5. Әр түрлі мәселелер:
- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі А.Аймағанбетова педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды. Сонымен қатар, №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде ақпарат берді.

ШЕШІМІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, барлық топтың тәрбиешілері, психолог, логопед, медбике 2023-2024 оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатасы бала саны туралы ақпарат берді. Тәрбиешілер өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Мамыр айында жеңіс күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Мамыр айында ересек тобының балабақшамен қоштасу мерекесіне тоқталып кетті.

Шешімі: Балабақша педагогтарының 2023-2024 оқу жылындағы қорытынды

есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша психологі өзінің жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс жоспарының қорытындысын айта келе, ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырды.

Шешімі: ересек топ балаларының мектепке психологиялық дайындығы анықталып, қорытындысы ата-аналарға таныстырылсын

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Г.Басарова 2023-2024 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. 2023 жылдың қорытынды мониторингі 15 мамырда 4 топта онлайн форматта жүргізілді. Оның ішінде 1 кіші топ, 1 ортаңғы топ, 1 ересек топ. Жыл соңында барлық топ бойынша бала саны - 95.

Бұл мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын толық орындады.

Шешімі: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.


5.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма жасау туралы айтты.

ШЕШІМІ:

1.Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы



А.Аймағанбетова

Хатшы



Ж.Аримбаева